

3 CRIMINAL LAW, CRIMINAL PROCESS ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ҮРДІС УГОЛОВНОЕ ПРАВО, УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС

FTAXP 10.70.30
ӨОЖ 65(304):248.71
JEL Q 40

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2025-1-1-32-37>

ДЖЕТИБАЕВ Н.С.,*¹

З.ғ.к., доцент.

*e-mail: zhetybaev_14@mail.ru.

ORCID ID: 0000-0002-3636-8291

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы қ., Қазақстан

АДАМДАРДЫ САУДАҒА САЛУ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРЫН САРАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Аталған ғылыми мақалада ізденуші адамдарды саудалаумен байланысты қылмыс құрамын саралайды. Ғылыми мақаланы жазу барысында, ізденуші адамдарды саудалаумен байланысты қылмыс құрамдарын саралаудың ерекшеліктерін талдайды және ұқсас құрамдардан ажыратады. Еліміздің құқық қорғау органдарынан алынған, осы тұрғыдағы қылмыстардың сандық мәліметтерін сараптайды. Елімізде жұмыс істеп тұрған, қылмыстық заңнамаға сай, аталмыш қылмыстық құқықтық бұзушылық құрамынның элементтерін талдайды. Ғылыми мақалада автор адамдарды саудалау қылмыстары бойынша әлемде қалыптасқан статистикалық көрсеткіштерді де талдаған. Сонымен бірге адам саудасы қылмыстарын жасауға әсер ететін себептер мен олардың кеңінен таралуына ықпал ететін жағдайлар да қарастырылған. Ғылыми мақаланы жазу барысында автор, осы тұрғыдағы қылмыстардың қазіргі таңда азаймай отырғандығын да баса көрсетіп кеткен.

Тірек сөздер: адамдарды саудаға салу, трансұлттық ұйым, ұйымдасқан топ, сыбайлас жемқорлық, миграция, лаңкес.

Кіріспе

Адамдарды саудалау ортағасырлық дәуірдің белгісіндей болып көрінгенімен, қазіргі таңда жеке тұлғаның бас бостандығына, адамгершілігі мен өмір сүруіне қауіп тудырады. Сол себепті аталмыш қылмыстар қоғамға елеулі қауіп туғызатын қылмыстардың қатарына жатады. Аталмыш келеңсіздіктер, 1948 ж. қабылданған Жалпыға тән Адам құқықтары туралы Декларацияда, 1950 жылғы Еуропалық Адам құқықтары және оның бостандықтары туралы Конвенцияда, 1966 ж. қабылданған Азаматтық пен саяси құқықтар жайлы Халықаралық пактілерде көрініс тапқан гуманизм мен жариялылық қағидаттарына қайшы келуде. БҰҰ тәрпынан қабылданған біршама конвенцияларда және оларға келіп қосылатын хаттамаларда адамдарды халықаралық деңгейде саудалау, аса қауіпті халықаралық деңгейдегі қылмыстары болып танылады. Осы қауіпті халықаралық қылмыстармен күресу, әлемдік қауымдастықтың басты міндеттері болып табылуы тиісті [1, 16].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбын әзірлеу кезінде жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер қолданылады. Оларға нақтырақ айтсақ, адамдарды саудаға салу қылмыстық құқықбұзушылықтары бойынша қылмыстық құқық ғылымында орын алған абстрактіден нақтыға көшу әдісі, әлеуметтік және құқықтық құбылыстар мен процестерді танудың диалектикалық әдісі, сондай-ақ формальды-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, жүйелілік, социологиялық әдістер (оның ішінде құжаттарды зерттеу, контент-талдау) жатады.

Адамдарды саудаға салу қылмыстық құқық бұзушылықтарын зерттеу мынадай жұмыстарда жарияланды: Бегалиев Қ.Ә., Базарова Р.А., Беляева Л.И., Боровикова В.И., Бородин С.В., Ветрова Н.И., Корзун И.В., Ковалева М.И., Кудрявцев В.Н., Құдайбергенов М.Б., Нәрікбаев М.С., Кузнецова О.А., Примаченок А.А., Ревина В.П., Рустемова Г.Р. [2, 32].

Нәтижелер мен талқылау

Адамдарды саудалау өзгеріп отыратын іс-әрекеттер арқылы жүзеге асады. Өз тарапынан әртүрлі құқыққа қайшы қылмыстық әрекеттер арқылы жасалатындықтан, қылмыстық қудалау органдарының жұмысы уақыт ағымына сай ілесе алатындай тиімді бағытта жүруі шарт. Осы уақытта адамдарды саудалау ұйымдасқан түрде жүзеге асатын халықаралық деңгейдегі қылмыстардың қатарына жатқызылуда. Әлемдегі қалыптасқан тенденциялар адамдарды саудалау қылмыстарын қылмыстық қауымдастықтар лаңкестік ұйымдармен бірге бірлесіп жүзеге асыратындығын көріп отырмыз. Осы тұрғыдағы қылмыстарды жасау барысында, қылмыскерлер көбінесе замануи көлік пен байланыс құралдарын қолдана отырып, жасанды құжаттарды да кеңінен пайдаланады. Лаңкестер мен адамдарды саудаға салушы қылмыскерлерді өзара үйлестіретін үш жағдайды айта кету шарт: халықаралық деңгейде мемлекеттер арасында ұйымдасып әрекет ету, аумағы арқылы өтетін мемлекеттердің арасында иммиграциялық бақылаудың тым әлсіздігі мен сыбайлас жемқорлықтың өрістеуі, қылмыскерлердің жалған құжатты жеңіл жасатуына алып келеді. Әлем бойынша адамдарды саудалаудың жәбірленушілерінің саны, бәр жылда 600 мың мен 800 мыңдай адамды құрауда, статистикуаны толық сөйлестсек, 2 миллионнан 4 миллионға дейігі адамды құрап жатқандығы анық байқалады. Адамдарды саудалаумен байланысты қылмыстардың жәбірленушілерінің 80% балалар мен әйелдер құрауда, оның ішінде 70% жезөкшелікпен айналысу немесе порно индустрия саласында қолдану үшін шет мемлекеттерге саудалануда. Миграциямен байланысты Халықаралық ұйымның (International Organization of Migration) мәліметінше, бір жылдың көлемінде жезөкшелікпен айналысу бойынша, Еуропа елдеріне 500 мыңнан астам әйелдер сатылымға шығарылады. Аталған деректер бойынша, әйелдерді саудалаумен айналысатын, қылмыстық қауымдастықтарды анықтау қиындық туғызады, олардың басым бөлігі тіркелмеген және жасырын жасалады. Беделді халықаралық сарапшылардың айтуынша, кейінгі уақытта адамдарды саудалау қылмыстарының әлем бойынша көбейіп келе жатқандығын айта кеткен дұрыс. Баюдың жеңіл жолы ретінде, тарнәсілдік қылмыстық топтарға 10 млрд американдық доллардан асатын кіріс алып келген. Адамдарды саудалауға әсер ететін факторлардың қатарына әлемде орын алып жатқан экономикалық дағдарыс та әсер етуде. Сонымен қатар, отбасылардың көп ажырасуы, балалардың толық емес отбасында тәрбиеленуі және ата-аналарының жұмысбастылықпен балаларына дұрыс қарай алмауы әсер етеді. Аталған факторларды ескере келе және адамдар саудасының латенттілігінің жоғары екендігін ескере келе, адамдар қылмыстылығының жасырын жасалатындығына әсер етеді, осы тұрғыдағы қылмыстар тек қана қалалы жерде ғана емес, ауылды жерде де көптеп жасалады. Осы тұрғыдағы қылмыстармен күресуде қалалы жерде күресу белсенді түрде жүзеге асады. Адамдарды саудалаумен күресу практикасында, аталмыш қылмыстарды жасауда жылдан жылға өсім болып жатқандығын айта кетсе болады. Айтылғандарды ескере келе, адамдарды саудалау қылмыстарының жоғары латентті болатындығын атсақ болады. Сондай ақ, осы тұрғыдағы қылмыстарды жасайтын қылмыстық топтардың іс-әрекеті неғұрлым қауіпті. Қазіргі таңда, жасөспірімдерді саудалау кеңінен тааруда. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің дерегінше және шет мемлекеттердің берген мәліметінше қарастыруға болады. Жасөспірімдерді Еуропа мемлекеттеріне, Израилге, Түркияға, БАӘ және т.б мемлекеттерге сатуға жіберуде. Жасөспірімдерді сату және сатып алу асырап алу мақсатында да жүзеге

асырылады. Он алты мен он сегіз жас арасындағы жасөспірімдерді есірткіге салып, соғыс болып жатқан елдердің аумағындағы әскери шайқастарға және лаңкестік әрекеттерге де пайдаланатын жағдайлар кезігіп қалады. Адамдарды саудалаумен байланысты түсінік. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде да көрініс тапқан. 2022 жылдың алты айдың көлемінде, ҚР территориясында 57 қылмыстық іс қозғалды. Бұл туралы брифингте ҚР ІІМ ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес департаментінің, адамдарды саудаға салумен күрес департаментінің өкілі Шынар Көшербаева хабарлама жасады. Оның дерегінше, 2021 ж. 103 қылмыстық іс, 2020 ж. 100 қылмыстық іс қозғалды. Қазақстан Республикасының адам құқығы бойынша өкіл Эльвира Азимованың мәліметінше, адамдарды саудалау қылмыстарын тергеуде, ең дәлелдемелер табыла бермейтіндігі негізгі мәселе болып табылды деп атап кетті. Адамдарды саудағалаудың негізгі белгілерінің бірі болып – еңбек заңнамасын бұзу болып табылуда [3].

Мемлекет азаматтарға дер кезінде көмек көрсете алмағандықтан, жәбірленушілер уақытында тиісті жерлерге қайрыла алмайды. Эльвира Азимованың айтуынша, елімізде азаматтарға кешенді түрде көмек көрсету әлі де толық қлыптаспаған. ҚР адамдарды саудалаудың хал-ахуалы жайлы мәлімдеме аясында, адамдарды саудаға салушылар, оларға жұмыс тауып береміз деп алдап, одан кейін құрылыс саласында немесе ауыл шаруашылығында мәжбүрлі түрде жұмысқа салады. ҚР президенті жанындағы адам құқығы туралы Комиссияның хатшысы Тастемір Әбішевтің айтуынша, ауылды жерлерде мұғалімдер, дәрігерлер және әкімшіліктің қызметкерлері, адамдар саудасының жәбірленушілерін белгілі бір деңгейде оқыту қажет. Адам құқығы жайлы комиссия өзінің соңғы баяндамасында, ҚР Үкіметіне мемлекеттік еңбек инспекторларының, еңбекті қанау арқылы пайдалануда жәбірленушілерді анықтауға байланысты ұсыныс жасады. Мемлекеттік инспекторлар, еңбекті қанамау үшін, адамдарды тәрбиелеуде ең негізгі шешуші рөлді ойнауы тиіс деді. Алайда, еңбек инспекторлары екі жақты бағыныста болуда: олар еңбек министрлігі және жергілікті әкімшіліктердің қарауында болғандықтан өзіне тән емес құзыреттермен айналысады деді Тастемір Әбішев. ҚР Ішкі істер министрлігінің дерегінше, 2022 ж. еңбекті қанауға байланысты бес қылмыстық іс қозғалды. Бұл істерді тергеу барысында. 2020 ж. еңбек қанауының жәбірленушісі 21 адам, 2021 ж. төрт адам анықталды. ҚР адам құқығы туралы өкілдің айтуынша, еңбекті қанаудың құрбанын анықтауда, олардың еңбекке орналасуы мен құжаттарды қалпына келтіру мәселесі әлі де шешімін таппаған. Адамдарды саудалаудың құрбанына көмек көрсетудің белгіленген мерзімі аз болуы қажет, егер де мерзім ұзарып кеткен жағдайда жәбірленушілер жоғалып кетуі мүмкін деді [4].

«Сана сезім» әйелдер бастамашылығы құқықтық орталығы» қоғамдық бірлестігінің директоры Шахноза Хасанованың мәлімдеуінше, қазіргі кезде еліміздің үш облысында адамдар саудасының жәбірленушісін белсенді түрде анықтау үшін ұтқырлы топтар құрылған деп айтты. Оның сөзінше, адамдарды саудалаудың жәбірленушілерін анықтауды білетін мамандар, алыс аудандарға барып, сол жерден жәбірленушілерді тауып отырған. Азаттық корреспондентінің сауалы бойынша сандық мәліметтер келтірілді. Қазақстан Республикасы ІІМ мәліметінше, 2021 ж. жыныстық қанаудың жәбірленушісі болып – 16, в 2020 ж. – 67, в 2019 ж. – 35 адам болған. Елімізден азаматты шет елге шығару дерегі ретінде, Бахрейнге алып кету фактісі анықталған. Сондай-ақ, Түркияға, БАӘ-на адамдарды саудаға салу деректері де тіркелген. Алайда, елдің аумағында тасымалдау басым болып отыр – деді Шынар Көшербаева [5]. Аталмыш қылмысқа, қылмыстық құқықтық талдау жасап кетсек. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 128 – бабында «Адам саудасы» үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленген.

128 бап. Адам саудасы 1. Адамдарды сатып алу немесе сату немесе ол адамға қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасағаны үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 128 бабының бірінші бөлімі үшін жауапкершілік көзделген.

Осы баптың бірінші бөлімі үшін келесідей жаза түрлері көзделінген: мүлкі тәркіленіп, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалады.

2. ҚР Қылмыстық кодексінің 128-бабының 2 бөлімі келесідей әрекеттер үшін жауапкершілік көздеген:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз келісуі арқылы;
- 2) бірнеше рет;

- 3) өміріне және денсаулығына қауіпті күш қолданып немесе оны қолдану қауіпін туындатып;
- 4) қаруды әлде қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) кінәліге жүктілік жағдайда екендігі айқын белгілі әйелге қатысты;
- 6) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 7) трансплантация жасау немесе өзге де пайдалану үшін құрбанның ағзаларын немесе тіндерін алып қою мақсатында;
- 8) алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен;
- 9) адам өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып;
- 10) жәбірленушінің мүліктік немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып;
- 11) айыпты адамға психикалық жай-күйінің бұзылуынан зардап шегетіні немесе дәрменсіз күйде екені айқын белгілі адамға қатысты;

12) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қойып, жасырып не жоя отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттерді көздеген. Осы қылмыс құрамының үшінші бөліміндегі диспозицияда мынадай әрекеттер қамтылған: аталған баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адамды ҚР аумағынан сырт жерге әкету, ҚР алып келу немесе бір шет мемлекеттен екінші шет мемлекетке, ҚР территориясы арқылы тасымалдау мақсатында жасалған іс-әрекеттер, сол сияқты мұндай іс-әрекеттерді жасау барысында, адамды ҚР шегінен басқа жерге әкету, ҚР аумағына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екінші мемлекетке ҚР территориясы арқылы тасымалдауды жатқызған [6, 284–285].

Аталған бөлімдегі әрекеттер үшін жазаның келесідей түрлері қарастырылған: мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қарастырылып жатқан қылмыс құрамының төртінші бөлімінде диспозициясы былайша сипатталады: осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды: 1) қылмыстық топ жасаса; 2) егерде олар абайсызда жәбірленушінің өліміне не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса делінген.

Жазалау шарасы ретінде: мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық құқықбұзушылықтың тікелей объектісі адамдардың бостандығы мен еркі, қосымша тікелей объектісі – жәбірленушінің ар-намысы, адамгершілігі. Қылмыстық құқықбұзушылық объективтік жағынан адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасау, сол сияқты оны қинау не азғырып көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ қинау мақсатында өзге де әрекеттер жасау арқылы сипатталады. Қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттері әртүрлі тәсілдерді қолдану арқылы: адамды қинау мақсатында біреуден сатып алу немесе оны басқа біреуге сату, аталған адамға қатысты әртүрлі мәмілелер жасау (кепілге, жалға, қарызы үшін төлем ретінде беру, басқадай жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікке айырбастау); оны қинау (жезөкшелікке, притон ұйымдастыруға, құлдыққа, азғырып көндіру (нәпсіқұмарлық әрекеттермен басқадай теріс құқық бұзушылық әрекеттерімен айналысуға) т.б. әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Қылмыс құрамы формалды. Қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағынан тікелей қасақаналық арқылы, пайдакүнемдік нитепен және мақсатпен жасалады. Қылмыстық құқықбұзушылықтың субъектісі болып, он алты жасқа толған кез келген адам, егер де лауазымды адамдардың қызмет өкілеттілігін пайдаланып жасаған әрекеттері, осы құрамдағы қылмыстан басқа іс-әрекеттер жасауы қылмыстардың жиынтығын құрайды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, адамдарды саудаға салу қылмыстарын саралау сот-тергеу тәжірибесінде бірқатар проблемаларды туындатады. Осы тұрғыдағы қылмыстық құқықбұзушылықтарды практикада саралау бір жағынан түйінді істерді шешу мәселелерін қамтиды. Сол себепті аталған ғылыми мақалада осы мәселелер теориялық және тәжірибелік тұрғыдан кеңінен сараланды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 1948 жылғы Адамның жалпыға бірдей Декларациясы - 217А (III) // БҰҰ Бас ассамблеясында қабылданған 10 желтоқсан 1948 жылы. – 325 б.
- 2 URL: <https://www.disscat.com/content/pravovye-osnovy-kriminalizatsii-torgovli-lyudmi-v-ugolovnom-zakonodatelstve-respubliki-kazak>
- 3 Қазақстандағы адам саудасы: 2022 жылдағы жарты жылдық деректері. URL: <https://kz.usembassy.gov/ru/tip-report-2022/> - (қаралған күні: 18.11.2022).
- 4 Қазақстан адамдар саудасындағы тірі тауарға қандай қатысы бар. URL: https://forbes.kz/process/ejegovno_v_kazahstane_registriruetsya_okolo_100_ugolovnyih_del_po_torgovle_lyudmi/ - (қаралған күні: 18.11.2022)
- 5 Доклад по торговле людьми в Казахстане за 2022 год. URL: <https://kz.usembassy.gov/ru/tip-report-2022/> (қаралған күні: 18.11.2022)
- 6 Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсініктеме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті-Жарғы, 2015. – 741 б.

REFERENCES

- 1 1948 жылғы Адамның жалпыға бірдей Декларациясы - 217А (III) // БҰҰ Бас ассамблеясында қабылданған 10 желтоқсан 1948 жылы. 325 p. (In Kazakh).
- 2 URL: <https://www.disscat.com/content/pravovye-osnovy-kriminalizatsii-torgovli-lyudmi-v-ugolovnom-zakonodatelstve-respubliki-kazak>. (In Kazakh).
- 3 Qazaqstandaғы adam saudasy: 2022 жылдағы jarty жылдық derekteri. URL: <https://kz.usembassy.gov/ru/tip-report-2022/> - (qaralğan күні: 18.11.2022). (In Kazakh).
- 4 Qazaqstan adamdar saudasındaғы tiri tauarğa qandai qatysy bar. URL: https://forbes.kz/process/ejegovno_v_kazahstane_registriruetsya_okolo_100_ugolovnyih_del_po_torgovle_lyudmi/ - (qaralğan күні: 18.11.2022). (In Kazakh).
- 5 Doklad po trgovle ljud'mi v Kazahstane za 2022 god. URL: <https://kz.usembassy.gov/ru/tip-report-2022/> (qaralğan күні: 18.11.2022). (In Russian).
- 6 Ағыбаев А.Н. (2015) Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksine түsinikteme. Jalpy және Erekşe bölükter. Almaty: Jeti-Jarğy, 741 p. (In Kazakh).

ДЖЕТИБАЕВ Н.С.,*¹

к.ю.н., доцент.

*e-mail: zhetybaev_14@mail.ru.

ORCID: 0000-0002-3636-8291

¹Казахский университет международных
отношений и мировых языков
им. Абылай хана,
г. Алматы., Казахстан

ОСОБЕННОСТИ КВАЛИФИКАЦИИ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ

Аннотация

В данной научной статье анализируется состав уголовного правонарушения, связанного с торговлей людьми. При написании научной статьи автор анализирует особенности квалификации составов уголовных правонарушений, связанных с торговлей людьми, и выделяет их из аналогичных составов. Анализируются количественные данные уголовных правонарушений, полученные от правоохранительных органов. Рассматриваются элементы состава данного уголовного правонарушения в соответствии с действующим в стране уголовным законодательством. В статье автор также проанализировал статистические показатели, сложившиеся в мире по преступлениям торговли людьми. Названы причины, влияющие на совершение преступлений, связанных с торговлей людьми, и условия, способствующие их широкому распространению. Автор подчеркнул, что исследуемый в работе вид преступлений в настоящее время не уменьшается в количестве.

Ключевые слова: торговля людьми, транснациональная организация, организованная группа, коррупция, миграция, террорист.

JETIBAYEV N.S.,*¹

c.l.s., associate professor.

*e-mail: zhetybaev_14@mail.ru.

ORCID ID: 0000-0002-3636-8291

¹Kazakh University of International
Relations and World Languages
named after Abylai Khan,
Almaty, Kazakhstan

SPECIAL FEATURES OF THE QUALIFICATION OF CRIMINAL OFFENCES OF HUMAN TRAFFICKING

Abstract

This scientific article analyzes the composition of the criminal offense related to human trafficking. When writing a scientific article, the author analyzes the specifics of the qualification of criminal offenses related to human trafficking and distinguishes them from similar structures. Analyzes quantitative data on criminal offenses in this context, obtained from law enforcement agencies. Analyzes the elements of the composition of this criminal offense in accordance with the criminal legislation in force in the country. In the scientific article, the author also analyzed the statistical indicators that have developed in the world of human trafficking crimes. The reasons for the commission of crimes related to human trafficking and the conditions conducive to their widespread occurrence are also provided. During the writing of the scientific article, the author emphasized that crimes in this context are currently not decreasing.

Key words: human trafficking, transnational organization, organized group, corruption, migration, terrorist.